

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Список использованных источников

1. Ламин В. А. История Тувы том II. – Новосибирск: Наука, 2007. – 6 с.
2. Дубровский В. А. Создание суверенного государства в центра Азии [Текст] / В. А. Дубровский. – Кызыл: 1991. – 74 с.
3. Сердобов Н. А., Осипова В. В., Саган-оол О. К. Ученые записки выпуск VI. – Кызыл: 1958. – 276 с.
4. Дубровский В. А. Конституции ТНР. - Кызыл: Тувинское Книжное Издательство 1999. – 25 с.
5. Ондар Н. А. Основы государственного строительства Республики Тыва. - Кызыл: Тувинское Книжное Издательство 1998. – 22 с
6. Центральный государственный архив Республики Тыва Ф.144., ОП.2., Д.11
7. Архивохранилище № 2 Центральный государственный архив Республики Тыва Ф.1., ОП. 2., Д.36., Л.43.

УДК 37.0 (35.3)

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДА ОРАТ АЗИЯ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ҚОҒАМДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ОРНЫ

Ораз Рсай

rsai_96_1005@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, заң факультетінің 2-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - А.Қ.Карибаева

Әйелдер мен ерлердің еңбек үрдісін талдау барысында сырт жағынан олар бірдей болатыны анықталған. Ғалымдардың пікірлері бойынша, әйелдердің еңбегі ерлердің еңбегінен тек қана физикалық және физиологиялық қатынасы бойынша ажыратылады [1, 39 б; 2, 21 б.]. Яғни, әйелдердің еңбегі ретінде олардың өздерінің физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, шамасы келетін кез келген қоғамға қажетті еңбек танылады.

Әлеуметтік-құқықтық дамуы жағынан әйелдер еңбегі көптеген өзгеріске ұшыраған, бірақ өкінішке орай өзінің басты айырмашылығын – теңсіздікті сақтап қалды.

Бұдан шығатын қорытынды – әйелдер құқығының теңсіздігі тарихи категория. Әйелдердің теңсіздігі олардың ерлерге қарағанда саяси, экономикалық, еңбек және неке-отбасы қатынастарында құқықтарының шектелуі немесе мүлдем болмауын білдіреді [2, 10 б].

Әйелдердің еңбегіне қатысты ақпараттар ежелгі қайнар көздерде мүлдем жоқ десек те болады. Дегенмен, осы шамалы ақпараттан әйелдердің еңбегі және олардың түрлері туралы көзқарас қалыптастырып, олардың әлеуметтік-құқықтық жағдайы және еңбегін анықтауға болады. Сонымен бізге жеткен тарихи қайнар көздерге құлиеленушілік құрылыс кезеңінде:

- әйелдер мен ерлер еңбегінің бөлінуі;
- қоғамдағы құндылықтар жүйесінде әйелдер еңбегі ерлермен салыстырғанда теңсіз болған;
- кәсіби шеңбері орындалуы бойынша ауыр және шектеулі болған;
- әйелдердің құқықтарын қоғайтын сот шешімдері сирек кездесетін.

Барлық антикалық мемлекеттерге тән нәрсе, әлеуметтік сатының ең төменгі деңгейінде тұрып, әйелдер ерлермен бірдей ауыр жұмыстарды атқарған, бірақ сонда да ерлер жоғарыда тұрып қоғамды билеген.

Жалпы әйелдердің еңбегіне қатысты келетін болсақ, ежелгі Римнің заң құжаттарында бұл тақырыпқа ешқандай көңіл бөлінбеген. Ұлы Цицерон бәріне танымал Рим құқығы

туралы: «барлық азаматтық қатынастардан, оның барлық құрамдас бөліктерінен, барлық пайдалы нәрсе үшін, сонымен қатар басқа халықтардың заңдарынан жоғары тұратын ғылым» - деп жазған. Шын мәнінде де Рим құқығы өмірдің барлық жақтарын реттеген: қоғамдық, аграрлық, мұралық және басқа да қатынастар, рим азаматтарының құқықтырының жиынтығынан тұрған, соттар мен судьялардың қызметін және жауаптылық жүйесін анықтаған, қоғамдағы моральдық-этикалық нормаларды бекіткен, бірақ та еңбек қатынастарын, не еңбек құқықтарын, не жалпы еңбекті қорғауды реттемеген. Әрине, жұмысшы-әйел туралы онда ештеңе айтылмаған [4, 210-247 б.б.].

Ерте феодализм дәуірі бұрынғы кезеңнің мұрасы ретінде келесі ерекшеліктерден тұрды:

- Еңбектің моральдық және қоғамдық құндылығы болмаған – еңбек арқылы қоғамда ешқандай құрметке және жоғары беделге жетуге болмайтын, себебі оның бәрі иерархиялық әлеуметтік саты арқылы қалыптасқан сословие бойынша бөлінетін. Сол кезеңнің ерекшелігі ретінде «ертефеодалдық жүйенің бәрі физикалық еңбекке, саудамен айналысатындарға және жалпы еңбегі үшін ақы алатындарға жек көрушілікпен қарайтын болған» [5, 25 б.]. Мұндай пікір қоғамдағы билік етуші аксүйектерде қалыптасқан болтын.

- Еңбек ерлердікі және әйелдердікі деп бөлінген.

- Әйелдердің құқықтық жағдайында және олардың еңбегіне қатысты теңсіздік сол бетінше қала берді. Оның көрінісін келісіден байқауға болады: еңбек аясын (мамандықтың түрін) таңдауға, еңбек ақыны (ол көбінесе тамақ түрінде болған) және жұмыс уақытын белгілейтін феодалдардың еркінен қорғалуға мүмкіндігі болмаған.

Әйелдер және олардың еңбегіне қатысты бірқатар кемшіліктерге қарамастан, ерте феодалдық дәуір бұрынғы кезеңмен салыстырғанда дамушы кезең ретінде қарастырылған. Қоғамдық және экономикалық қатынастар аясындағы сондай-ақ, еңбек аясындағы өзгерістер: жұмыс түрлерінің қарқынды өсуі, өндірістің кеңеюі және ерлердің жұмыс күшінің жетіспеуі әйелдердің жағдайын біршама жақсартуға алып келді. Бұл уақыттың ерекшелігі, қоғам өндірісінде ерлер жұмыс күшінің жетіспеуі болды. Оның себебі ұзақ уақыт бойы жүргізілген соғыстар және соның нәтижесінде ерлер санының азаюы. Ал жағымды әлеуметтік жаңалықтарға келесілерді жатқызуға болады:

- Бұл кезеңнің ерекшелігі ретінде еңбек бұл дәуірде тек отбасы ішіндегі қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған. Шаруалар жеке шаруашылығын жүргізіп, қоғамда ешқандай мәртебеге жетпесе де, өзінің материалдық мұқтаждықтарын қамтамасыз ететін. Ал, әйел-жұмысшылар шаруа отбасының құрамына кіретін болғандықтан, олардың еңбек жағдайы осылайша дамыды.

- Қалыптасып қалған ерлер мен әйелдер еңбегінің бөлінуі, қалаларда кәсіп түрлерінің қарқынды өсуі әйелдер арасында кейбір кәсіп түрлерінің пайда болуына себеп болды. Ол өз кезегінде әйелдердің кәсіптік монополияларының пайда болуына және дамуына алып келді. Әйелдердің кәсіп түрлеріне жібек пен алтынды өңдеу жатқызылған, олар сол дәуірдегі ең бағалы және құнды материалдар болып табылды. Әйелдер еңбегінің маңыздылығы мен сенімділігі олардың сол саладағы маман ретінде өнімдердің сапасын бағалайтын болды. Сонымен қатар, тек қана әйелдер айналысатын кәсіп түрлерінің тізімі бөлініп көрсетілген.

- Мамандықтар түрлерінің шеңбері кеңейіп, олармен айналысу мүмкіндігі ерлер мен әйелдер үшін теңдей болды. Мұндай жағдайдың қалыптасуына объективті қажеттілік әсер етті, себебі ерлердің көпшілігі соғыс майданында қайтыс болған соң, әйелдердің саны ерлерге қарағанда арта түскен.

- Ерте феодализм дәуірінің тағы бір қалыпты ерекшелігі, әйелдердің білім алуға және өндірісте өсуіне мүмкіндігі жоғарлай түсті.

- Еңбек аясында ерлер мен әйелдердің еркін бәсекелеске түсу мүмкіндігі

қалыптасты.

- Әйелдерді және олардың еңбегін құқықтық қамтамасыз етуде теңсіздік және барынша құқықтық тыйымдар сақталып келді. Еңбек аясында әйелдердің еңбек құралына меншік құқығы болмаған.

Дамыған феодализм дәуірі «әйелдердің» еңбек аясына өзінің толықтыруларын енгізіп, осы саладағы барлық жағымды жетістіктерді кейін қайтарғандай болды.

Қайта өрлеу дәуірі кезеңінде әйелдерге және оның еңбегіне қатысты қоғамда және еңбек саласында анықтаушы және ғасырлар бойы үстем болушы жаңа тенденциялар пайда болды. Бірте-бірте әйелдердің жағдайы нашарлай түсті.

Оны мынадан көруге болады:

- Әйелдердің еңбегі жеке кәсіби корпорациялардан ығыстырылып шығарылды. Мысалға, Страсбургте жүн маталармен айналысатын ер-тоқымашылар әйелдердің осы қызметке араласуына қарсы тұрған.

1324 жылы осының нәтижесінде тоқыма кәсібімен айналысатын, тіпті түссіз маталарды тоқитын әйелдер корпорацияға сол үшін жарна төлеуі тиіс болды [5, 26 б.].

- Әйелдерді бұрын айналысуы еркін болатын кәсіп түрлерінен шеттетіп жіберді.

- Оларды құнды шикі затпен айналысудың барлық мүмкіндіктерінен айырды.

- Әйелдердің еңбегі ерлердің бақылауына көшті.

Ең бастысы әйелдердің еңбегі үшін жалақы мөлшері төмендей түсті. Осындай жағдайда әйелдер жаңа Қайта өрлеу дәуіріне ауысты. Адамзат тарихының бұл кезеңі философия негізінің, қоғам өмірінің көптеген жаңалықтарымен танымал.

Әлеуметтік-құқықтық көзқарас бойынша, бұл кезеңге келесідей ерекшеліктер тән:

- Теңсіздіктің айқын көрінісі. Мысалға, әйел тоқымашы лауазымына ие бола алмайтын, ол тек қана оның көмекшісі ретінде ғана жұмыс істей алатын.

- Ерекше спецификаны қолдану (әйелдердің еңбегі тек қана ауыр, қара немесе бір қалыпты жұмыстарда қолданылған).

- Қожайындарына тәуелді болу (белгілі бір уақытқы алынған жұмысты бітірген соң, әйелдер арнайы куәлікті алмай өндіріс орнын қалдыра алмайтын болған).

- Заңсыздық (әйелдер еңбек жағдайының жақсартылуын, не жұмыстың қалыпты ұзақтығын, не лайықты жалақы алуды талап ете алмайтын).

Жоғарыда аталған көрсеткіштерге сәйкес, әйелдердің және олардың еңбектерінің айқын каналуы көрініп тұр. Жағымды өзгерістерге ешқандай негіздемелер де болмаған, әйел адам қараңғы, білімсіз олар өздерінің еңбек құқықтары үшін күресе алмайтын. Сол кездегі қалыптасып қалған пікір бойынша «өндіруші, сәйкесінше жоғары бағаланушы еңбек қоғамдық қызметпен теңдей болып, тек қана ерлердің үлесі болған, ал әйелдер соның көлеңкісінде жүріп күйеуінің жағдайын жасап, балаларын бағып отырған» [5, 142 б.].

Өртүрлі жынысты адамдардың экономикалық еңбектің түрлері олардың қоғамдық өндірістегі орны және қоғамдағы жағдайындағы теңдігін толық қамтамасыз етпейді. Жұмысшылардың білікті топтары В.Я. Ельмеев және Б.Р. Рященконь пікірі бойынша, өзара білім деңгейі және материалдық қамтамасыз етілуі, қоғамдық жұмыстарға қатысу сипаты, мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейімен және ерекше мүдделерімен ажыратылады. Материалдық өндірістің аясында жоғары мамандандырылған қызметкерлердің қатарында ер адамдар жиі кездескен, ал төмен мамандандырылған қызметкерлердің қатарында көбінесе әйелдер болған [6, 33 б.].

Қазіргі таңда да көптеген мемлекеттерде әйелдердің еңбек құқықтарын қорғау және қоғамда өзіне лайықты орнын табу өзекті проблемалардың қатарына жатады. Әйелдер

ассоциацияларының пайда болуы мен ұйымдасуына Сен-Симон мен Фурье (1830ж.) басқарған демократиялық қозғалысы үлкен әсерін тигізді. Бұл ассоциациялардың мақсаты өзінің мүшелеріне (әйелдерге) қоғаммен және мемлекетпен ресми түрде мойындалатын нақты анықталған мәртебені жаулап алу. Олар әйелдерге еңбекке және оны қорғауға құқықты қамтамасыз етуге көмектесті [7, 7-14 б.б.]

XX ғасырдың басы ондаған миллион әйелдер өндірістің әр түрлерінде жұмыс жасауымен, ал еңбекші әйелдердің құқықтық жағдайлары әлі де болса толық шешілмеуімен сипатталады. Әйелдер еңбегінің дамуына екі дүниежүзілік соғыстар, әлемді екі жүйеге бөлген әлемдік экономикалық кризис және әлеуметтік революциялар үлкен әсерін тигізді. Сондай-ақ бұл кезеңдер қоғамдық өндірістегі әйелдердің әлеуметтік-құқықтық жағдайына да өзінің ізін қалдырды.

Әйелдер еңбек аясының мәнді және прогрессивті белгісі, олардың бір қызмет түрінен екіншісіне ауысуы, нәтижесінде әйелдер кадрларын түбірімен қайта бөліну үрдісіне және әйелдердің арқасында қызмет көрсету аясын толықтыру. «Бұл жерде әйел – қызметкерлер және ақыл-ой еңбегі өкілдер санының қарқынды өсуі, әйелдердің басынан өткен эволюциясының жарқын көрінісі екенің ескеруіміз қажет. Әйелдердің білім деңгейлері жоғары болған сайын олар өнеркәсіп орындарынан кетіп, конторлық жұмысқа ауысқан... » [5, 77 б.].

Әйелдердің еңбек аясында жиналып қалған бірқатар проблемалық мәселелер Халықаралық Еңбек Ұйымын құруға бастама болды [8, 2 б.]. Оның мақсатына: әйелдердің еңбегі үшін теңдей еңбек ақы алуды қамтамасыз ету, кәсіби білім алуда теңдей кепілдіктер беру, еңбекті және аналарды қорғау, әйелдердің өмірлік деңгейін көтеру және т.б.

Қазіргі кездегі еңбек аясындағы әйелдердің жағдайын нашарлататын факторлардың қатарына: отбасы және кәсіби міндеттерін біріктіру мүмкіндігінің нашарлауы; әлеуметтік-тұрмыстық инфраструктурасының бұзылуы; әйелдерге тән міндеттер ретінде отбасы міндеттерін жоғары бағалауы т.б. жатады [9, 13-14б.б.].

Бұл проблемалар әлемнің көпшілік мемлекеттеріне тән, сол сияқты олардың қатарына Қазақстан да кіреді. Ресми мәліметтерге сәйкес, Қазақстан Республикасында көптеген әйелдер зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істеуде.

Әйелдердің еңбек құқықтарының сақталуы осындай жағдайда қала берсе, бұл бала туудың азаюуына алып келеді, себебі әйелдердің өзінің табиғи функциясын орындау, ана болу мен еңбек міндеттерін бірдей атқару мүмкіндігі барған сайын қиындыққа соқтырады. Әйелдердің еңбектік үлесі тек қана олардың қоғам өндірісіне қатысуы емес, сонымен қатар отбасы-тұрмыстық және тәрбиелік функцияларынан тұрады.

Бұл мәселелерді шешу осы бағыттағы мемлекеттің жоспарлы және мақсатты саясаты арқылы қол жеткізуге болады, яғни әйелдер үшін саяси, құқықтық және экономикалық кепілдіктердің пайда болуы, әйелдер мен ерлердің әлеуметтік жағдайын теңдестіру болып табылады.

Әйелдердің құқықтық жағдайын ғасырлар бойы шешілмеген сұрақтардың біріне жатқызуға болады. Бүгінгі таңда әлемдік бірлестік, бірқатар беделді халықаралық ұйымдар, біріккен топтар және көптеген мемлекеттік басқару аппараттары сонымен қатар, зерттеушілер (социологтар, психологтар, политологтар және экологтар), теоретик-құқықтанушылар және тәжірибелі заңгерлер бірауыздан әйелдердің құқықтық жағдайы қазіргі заманда адамзаттың ғаламдық проблемасына айналды деген пікірге келген.

Әйел – арнайы құқықтық мәртебені иеленетін, қызметкер ретіндегі, еңбек құқығы субъектісінің түр тармағы. Бұл жерде дифференциация жыныстық белгі бойынша жүргізіледі, себебі мұндай субъектінің екінші түр тармағы жалпы құқықтық мәртебені иеленетін ер адам болып табылады. Жалпы және арнайы құқықтық мәртебенің орталық буынын тұлғаның субъективті құқықтары мен міндеттері құрайды. Субъективті құқық – тұлғаның қоғамда нақты бір игіліктерді иемдену мүмкіндігі мен заңдық шарасы [16, 28 б.].

Жалпыға таралған пікір бойынша, еңбектік құқықсубъектілік еңбек құқығы субъектілерінің ерекше қасиетімен көрінеді, оның мазмұны келесі қабілеттіліктерден тұрады:

1. құқықтар мен міндеттерді иелену (құқық қабілеттілік);
2. өз әрекетімен құқықтарды алу және заңды міндеттерді қалыптастыру;
3. құқықбұзушылық жасағаны үшін заңды жауапкершілікке тартылу.

Құқықсубъектілік А.Ф. Нуритдинованың ойынша, еңбек құқығы субъектілеріне субъективті құқықтар мен міндеттерді берудің алғы шарты. Яғни, жеке тұлғаларға, ұйымдарға және органдарға құқықтық қатынасқа қатысу мүмкіндігін береді. Қызметкердің негізгі статуттық құқықтар ажырамас болып табылады және фактілі түрде еңбек және еңбекпен тығыз байланысты қатынастарды құқықтық реттеудің қағидалары ретінде көрініс табады. Олардың көпшілігі сонымен қатар, халықаралық қауымдастықта адамның негізгі әлеуметтік-экономикалық құқықтары ретінде қарастырылып, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітіледі.

Т.М. Абайдельдиновтың ойынша: «Еңбектік құқықсубъектілік адамның іс жүзінде еңбекке қабілеттілігімен байланысты еркіндік белгісімен сипаталады. Алайда еңбектік қабілеттілікті еңбекке деген физикалық және психикалық қабілеттілік ретінде қарастырылады, дегенмен бұл бәріне теңдей таралатын еңбектік құқықсубъектілікті шектемеуі тиіс» [20, 17 б.].

Қызметкер – өндіріс процесі кезінде өзінің еңбекке қабілетін қолданатын, биологиялық түрдің өкілі homo sapiens, яғни, өзінің физикалық, интеллектуалдық және моральдық күшін мақсатты бағытта жұмсайды. Өзінің еңбекке қабілетін қолданатын адам – тек психофизикалық организм емес, сонымен қатар, заңды құқықтар мен міндеттерді ұстаушы жеке тұлға болып табылады [21, 74 б.].

Осы мағынада оны құқық субъектісі, еңбектік құқықсубъектіліктің иесі ретінде қарастыруға болады. Осыған байланысты С.П. Мавриннің: «құқықсубъектілік – нақты бір қоғамдық қатынастың қатысушысы құқық субъектісінің ерекше қасиеті», - деген ойы дұрыс деп ойлаймын. Бұл қасиет құқық субъектісінде заң ғылымымен байыпталып, ғылыми айналымға енгізілгеннен әлдеқайда бұрын қалыптасқан.

Құқықсубъектілік құқықты иеленудің алғы шарты болып табылады және оны құқықтар мен міндеттерді иеленудің өзімен теңдестіруге болмайды.

Құқықсубъектілік заң ғылымының санаты ретінде, құқық нормаларымен реттелетін, қоғамдық қатынастың қатысушылары бола алатын, субъектілер шеңберін анықтау мақсатында қызмет етеді.

Құқық теориясы жағынан алып қарайтын болсақ, құқықсубъектілік жалпы, салалық және арнайы болып бөлінеді. Жалпы құқықсубъектілік тұлғаның нақты бір саяси және құқықтық жүйенің шеңберінде құқық субъектісі болу қабілеті ретінде түсініледі. Салалық құқықсубъектілік тұлғаның нақты бір құқық саласының аясындағы құқықтық қатынастардың қатысушысы болу қабілетімен анықталады. Арнайы құқықсубъектілік тұлғаны ерекше құқықтар мен міндеттердің потенциалды иесі ретінде сипаттайды, сондықтан оның әрекет ету аясы нақты бір құқық саласының шеңберіндегі құқықтық қатынастармен анықталады [22, 144 б.].

Қоғамдағы әйелдердің құқықтық жағдайы дегеніміз – әйелдерге қатысты жекеленген құқықтық мәртебе және оның құрамына кіретін әрі іске аспаған, мемлекетпен қорғалатын субъективті құқықтары мен міндеттері және басқа да құрамдық элементтерін ұғыну қажет. Жалпы азаматтардың құқықтық мәртебесімен қоса бұл категория жалпы және ерекше болып арақатынасады.

Әйелдер мен ерлердің теңдік қағидасы Қазақстан Республикасы заңнамасының негізі болып табылады. ҚР-ның Конституциясына сәйкес, «адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды» және «адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдарың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауы керек» (12 бап). «Тегіне, әлеуметтік,

лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» (14 бап) [23, б].

Адамның құқықтары – қағидаларға негізделген заңдардың жиынтығы емес, бұл – әр адамның құндылықтарын шын мәнінде мойындауды және адамның ар-намысын құрметтеуді қамтамасыз ету үшін әрекет ететін, құндылықтардың жүйесі [24, 49 б.].

Әйелдердің құқықтары адамның жалпы құқықтарының бір бөлігі болып табылады.

Ер адамдарға қарағанда әйелдерде жалпы негізгі құқықтарынан басқа, сонымен қатар, әйелдерге арнайы құқықтық нормамен кепілдік ретінде қосымша құқықтар берілгенін жоғарыда атап өттік.

Орта Азия мемлекеттерінің еңбек қатынастары жайлы Еңбек кодексінде көруге болады. Мысалы : Қырғызстанның еңбек кодексінде жүкті әйелдер құқықтары жайлы егер оларға медициналық тұрғыдан рұқсат етілсе түнгі және үстемелі жұмыстарға шығаруға болады делінген. Ал олардың келісімі туралы ештеме делінбеген. Қазақстанда болса мұндай талаптар тек әйел адам рұқсатымен жүреді. Орта Азия мемлекеттер арасында мемлекетті басқару шеңберінде отырған нәзік жандылар саны аз , ал тіпті президенттікке сайлану жайлы сөз болмайды. Бірақ көршілес Қырғызстанда президенттіктен үміткерлер арасында Тоқтайым Үметалиеваның болуы бұл сайлауға жаңаша сипат беріп тұр. Орталық Азияда осы кезге дейін әйел президент болған емес. Бұрынғы советтік блоктан тек Прибалтикада ғана президенттікке әйел сайланған.

Түркменстан мемлекетінде кейбір еңбек кодексі заңдарында әйел адамдарға жеңілдіктер істелген. Мысалы Қырғызстан мемлекетіндегі сияқты әйел адамдарды түнгі,үстемелі жұмыстарға шығуға мүлдем рұқсат етілмейді.Жүктілік кезінде жұмыстан жұмыс беруші тарапынан шығаруға да құқығы жоқ. Негізгі байқалған еңбек қатынастарында ерекшеліктер ол жүкті әйелдер үшін .

Өзбекстан мемлекетінде де анық еңбек қатынастарына байланысты теңсіздік немесе кемсітушілік жоқ. Өзбекстан еңбек кодексінде арнайы бөлім бар «Әйел құқықтары мен отбасын тәрбиелеумен айналыстан адамдарға кепілдіктер».Бұл тарауда әйел адамдарға қатысты жұмысқа қабылдамау жұмыстан жүктілік кезінде босатпаушылыққа жол бермеу және т.б.

Еңбек қатынастарын жайлы мағұлматтар қағаз жүзінде осылай бырақ күнделікті практикада мүлдем бөлек .Жер бетіндегі нәзік жаратылыс иелерінің өз құқығын қорғау бүгінгі таңда дүниежүзі бойынша ең өзекті мәселенің бірі болып отыр. Дүниеде зорлық-зомбылық көретіндердің басым бөлігі әйелдер екені белгілі.2013 жылы Алматыда өткен «Әйелдер, бейбітшілік пен қауіпсіздік: Еуроатлантикалық, Еуразиялық аймақтардағы мемлекеттердің міндеттемелері және олардың нәтижелі іске асырылуы» деп аталатын халықаралық жиында осы мәселелер талқыланды.Конференцияға Қазақстаннан басқа Орта Азия мемлекеттері Қырғыз Республикасы, Тәжікстан ,Франция, Ауғанстан, Голландия, АҚШ, Грузия, Сербия, Швеция, Ресей Герцеговина мемлекеттерінің жоғары лауазымды өкілдері мен гендерлік теңдікті үйлестіретін ұйымдарының басшылары қатысты. Конференцияда қыз-келіншектердің ар-намысын аяққа таптау мәселесі ерекше аталып, талқыланды. Әйел құқығы БҰҰ қабылдаған «Мыңжылдықтың даму мақсаттары» құжатында да атап көрсетілген. Бұлар — ана денсаулығын сақтау, әйелдердің білім мен денсаулық мекемелеріне қолжетімділігі және гендерлік теңдіктің қоғамдық деңгейде қолдау табуы. Бүгінде 139 мемлекеттің Ата Заңында әйел мен ер теңдігі заңдық түрде бекітілген. Бірақ, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, экономикасы дамыған мемлекеттердің өзінде әйел құқығының аяққа тапталуы жиі орын алады.

Орта Азия бойынша әйел еңбек құқығын қорғау мәселелерін жан-жақты зерттеп жүрген ҰЕҰ (үкіметтік емес ұйым) өкілі қазіргі таңда Орта Азия елдері бойынша әйел қауымы жағдайының жыларман күйде екендігін жеткізді. Ол: Солардың атынан бір жайтты айта кетейін. Бүгінгі таңда Түркіменстанда, Өзбекстанда әйел құқығы қорғалмайды. Тіпті,

аяққа тапталып жатыр десе болғандай", – деп елдегі нәзікжандылардың мұңын ашып айтты. Бұл мәселеге бар ынты-шынтысымен жауап берген АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Хиллари Клинтон: "Өте маңызды әрі жанды ауыртатын мәселе. Алайда, жуық арада Түркіменстанға іссапар жоспарлап отырғаным жоқ. Соған қарамастан, бүгінгі күннің тәртібіне алынған жайт туралы Түркіменстан басшыларымен жан-жақты сөйлесуге тырысамын. Ал, Өзбекстанға ЕҚЫҰ Саммитінен кейін арнайы барып, ел президентімен бірқатар мәселелер бойынша әңгіме қозғау ойымда бар" деп атап өтті.

Қолданылған әдебиет

1. Виноградов М.И. Физиология трудовых процессов. 2-е изд. М., Наука, 1967. – 438 б.
2. Право женщин на труд в СССР. М.: Юридическая Литература, 1980. – 199 б.
3. Культура Древнего Рима.//Под. ред. Е.С. Голубцова – М.: 1985. Наука, Т.1.
4. Сюллеро Э. История и социология женского труда./ Пер. с фр. – М.: Прогресс, 1973. – 327 б.
5. Планирование социальных процессов на предприятии// Под общ. ред. В.Я. Ельмеева, Б.Р. Рященко. Л.: Лениздат, 1969.
6. Женщина в меняющемся мире // Под. ред. Н.М. Римашевской. – М.: Наука, 1992. – 144 б.
7. Трудовой мир. – М.: Изд. МОТ, 1993. - №2.
8. Трудовые права женщин. Положение женщин. Законодательные акты, комментарии// - М.: Профиздат, 1997. - №5. 13-14 б.б.
9. Александров Н.Г. Трудовое правоотношение. М., 1948. – 219 б.
10. Витрук Н.В. Правовой статус личности в СССР. М., 1985. – 167 б.
11. Толкунова В.Н. Право женщин на труд в СССР. М., 1980. – 199 б.
12. Энциклопедический юридический словарь/ под.ред. В.Е.Крутских. М., 1999.
13. Права человека: Учебник для вузов/Отв.ред. Е.А. Лукашева. М., 2003. – 576 б.
14. Курс Российского трудового права. В 3т. Т.1. Общая часть/Под.ред. Е.Б. Хохлова. 1996. – 655 б.
15. Нуртдижжа А.Ф. Субъекты трудового права. В кн: Трудовое право России. М., 2001. – 512 б.
16. Сыроватская Л.А. Трудовое право. М., 1998. – 183 б.
17. Смирнов О.В. Субъекты трудового права. В кн.: Трудовое право России.СПб. 1994.
18. Бегичев Б.К. Трудовая правоспособность советских граждан. М., 1972. – 244 б.
19. Т.М. Абайдельдинов Отдельные теоретические проблемы соответствия международного и законодательного трудового права. // Международные стандарты в области социально-трудовых прав и свобод граждан и возможности трансформации их в законодательство Республики Казахстан. Материалы Форума международной научно-практической конференции. Алматы: «Өркениет», 2003. – 288 б.
20. Гинцбург Л.Я. Социалистическое трудовое правоотношение. М.,1977.
21. Алексеев С.С. Общая теория права. В 2т. Т.2. М., 1982. – 360 б.
22. 30 тамыз 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы: Юрист, 2010.
23. Р.Е. Сарбаева «Права женщин в аспекте гендерного равенства»//Вестник КазНУ. Международные отношения и международное право. №1, 2003. 48-52 б.б.
24. http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30444878. Трудовой кодекс Республики Таджикистан